ЖУРНАЛИСТЕР ЭТИКАСЫНЫҢ ЖАҺАНДЫҚ ХАРТИЯСЫ

ХЖФ (Халықаралық журналистер федерациясы) журналистер этикасының жаһандық хартиясы 2019 жылғы 12 маусымда Тунисте өткен ХЖФ XXX Дүниежүзілік конгресінде қабылданды. Бұл хартия «Бордо декларациясы» деп аталатын Журналистердің мінез-құлық принциптері декларациясын (1954) толықтырады.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының XIX бабында жарияланған ақпаратқа қол жеткізу құқығы — журналистік қызметтің негізі. Журналистің қоғам алдындағы жауапкершілігі басқаларға қарағанда, атап айтқанда жұмыс берушілер мен билік өкілдері алдында басым болып келеді. Журналистика — бұл тәуелсіздікке қажетті практикалық нәтижелерге қол жеткізу үшін уақытты, ресурстар мен қаражатты қажет ететін мамандық. Осы халықаралық декларация жаңалықтар мен ақпаратты зерттеу, редакциялау, жариялау, тарату және түсініктеме беру кезінде, сондай-ақ кез келген медиадағы оқиғаларды сипаттауда журналистердің мінез-құлқының басшылық қағидаларын айқындайды.

1. Журналистің бірінші міндеті — фактілерді және қоғамның сенімді ақпарат алу құқығын құрметтеу.

2. Осы міндетті орындай отырып, журналист материалдарды жинау және жаңалықтарды жариялау кезінде бостандық принциптерін, сонымен қатар өзінің материалдарына әділ жауап беру түсініктемелерін және сынға алу, сондай-ақ жеке сын мен публицистика құқығын қорғауы керек. Журналист нақты ақпаратты публицистика мен сыннан ажыратуға міндетті.

3. Журналист тек ақпараттың шығу тегі немесе көздері туралы нақты өзі білетін фактілерді ғана хабарлауы керек. Журналист маңызды ақпаратты немесе қандай да бір құжаттарды жасырмауы керек. Ол жария емес тұлғалардың әлеуметтік желілерде жариялайтын мәлімдемелерін немесе басқа материалдарын өте мұқият қарап, шығаруға міндетті.

4. Журналист ақпарат, суреттер, құжаттар және басқа да деректерді алу үшін тек адал әдістерді қолдануы керек. Ол әрдайым өзінің журналист ретіндегі мәртебесі туралы ақпарат беріп, жасырын аудиожазбаны, фото және бейнетүсірілімді пайдаланудан бас тартуы керек, бұған қоғамдық мүддеге сай келетін ақпаратты жинау осындай технологияларды қолданбай мүмкін болмайтын жағдайлар кірмейді. Журналист қоғам мүддесін білдіретін фактілерді кедергісіз тексеруге және қажет ақпарат көздеріне еркін қол жеткізуді талап етуге құқылы.

5. Материалды тарату жеделдігі немесе мерізім ұғымы фактілерді, дереккөздерді тексеруден және/немесе таратылған деректерге жауап беру мүмкіндігінен басым болмауы керек.

6. Журналист таратылған ақпараттағы кез келген қателіктер мен олқылықтарды уақытылы, анық, толық және ашық түрде түзету үшін қолдан келген мүмкіндікті жасауы керек.

7. Журналист құпия түрде алынған ақпарат көзіне қатысты кәсіби құпияны сақтауы керек.

8. Журналист жеке өмірді құрметтеуі керек. Ол материалдарда айтылған және/немесе ұсынылған адамдардың қадір-қасиетін құрметтеуі және сұхбат алушыға әңгіме немесе берілген өзге де материалдың жарияланымда пайдаланылатынын хабарлауы тиіс. Ол тәжірибесіз және осал сұхбат алушыларға ерекше назар аударуы керек.

9. Журналист ақпараттың не пікірлердің таралуы жеккөрушіліктің немесе таптаурындардың өршуіне ықпал етпейтініне сенімді болуы керек, сонымен қатар географиялық, әлеуметтік немесе этникалық шығу тегі, нәсіл, жынысы, гендері, тіл, дін, мүгедектігі, саяси және басқа да көзқарастары сияқты белгілер бойынша кемсітушілікке жол бермеу үшін қолдан келгеннің бәрін жасауы керек.

10. Журналист мыналарды кәсіби бұзушылық деп есептеуі керек:

- плагиат
- фактілерді бұрмалау
- жала жабу, диффамация, өтірік айту, негізсіз айыптау

11. Журналист полицияның немесе басқа қауіпсіздік қызметтерінің көмекші құралы ретінде әрекет етпеуі керек. Одан БАҚ-та жарияланған ақпаратты ұсыну ғана талап етілуі мүмкін.

12. Журналист зерттеу жүргізу құқығынан, қоғамды ақпараттандыру міндеттерінен және сын, түсініктеме, сатира немесе редакторлық таңдау құқығынан бас тартпай, өзінің әріптестеріне ынтымақтастығын көрсетуі керек.

13. Журналист БАҚ бостандығын қандай да бір басқа мүдделерге қызмет ету үшін пайдаланбауы керек және ақпарат тарату немесе таратпау салдарынан қандай да бір әділетсіз артықшылықтардан немесе жеке пайда алудан аулақ болуы керек. Ол қызметтік міндеттерін орындау кезінде мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін кез келген жағдайдан аулақ болуы немесе оларды тоқтатуы керек. Ол өз іс-әрекеті мен жарнама немесе үгіт-насихат арасындағы кез келген шатасудан аулақ болу керек. Инсайдерлік ақпарат саудасы мен нарықты басқарудың кез келген түрінен аулақ болу керек.

14. Журналист өзінің тәуелсіздігіне қауіп төндіретін ешқандай әрекет жасамауы керек. Алайда, ол ақпаратты жинау және таратудың әдістері мен қағидаларына сәйкес әрекет етуі керек – мысалы «жариялауға арналмаған», анонимдік, таратуға тыйым салу – бұл міндеттемелерді айқын және сөзсіз болған жағдайда өз еркімен қабылдау.

15. Осы атаққа лайық журналистер жоғарыда айтылған қағидаларды адал сақтауды өзінің парызы деп санайды. Оларды кәсіби іс-әрекет жасауға немесе олардың кәсіби нанымына немесе ар-ожданына қайшы келетін пікір білдіруге мәжбүрлеуге болмайды.

16. Әр елдің заңнамасы аясында журналист кәсіби ар-намыс мәселелерінде үкіметтердің немесе басқа да басқарушы құрылымдардың кез келген араласуын болдырмау үшін тәуелсіз және қоғамға ашық өзін-өзі реттеу органдарының заңнамаларын мойындайды.

Түпнұсқа: www.ifj.org

IFJ International Federation of Journalists